

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні				
Күні				
Сынып	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Демографиялық саясат			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.4.1.6 -«демографиялық саясат» ұғымын түсіндіре отырып жекелеген дүниежүзі елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады БЖБ			
Сабақтың мақсаты	Оқушылардың барлығы: Жер бетіндегі халық, олардың таралу аймақтары, тығыздығы мен демография туралы түсінік беру. «Халық» сөзі жайында білім қалыптастырады.; Оқушылардың көбісі: Саяси картамен жұмыс жасай білу икемділігін дамытады. Оқушылардың кейбірі: Халықтар жайында мәлімет бере отырып, қызығушылығын арттырады.			
Бағалау критерииі	Сабақты әр түрлі тапсырмалар беру арқылы игереді Оқушылар тапсырманы орындау барысында жаңа сабақты меңгереді.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Ұйымдастыру кезеңі Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру Оқушылар шаттық шеңберін құрып, орындықтарға отырады. (әр оқушы қағазға өз атын жазып, сағат тілімен көршісіне ұсынады.Көршісі оның жақсы бір қасиетін жазады. Солай айналып өзіне келгенше жүргізіледі. Өзі туралы жазылған жақсы пікірлерді оқып, көңіл-күйі жақсарады)	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Ұялы телефон Және интернет желілері Кітап

	Қызығушылықты ояту Сұрақтарды талқылау. Ой шақыру. Сұрақ қою арқылы білгендерін естеріне түсіру. 1) Жер шарында неше климаттық белдеу бар? 2) Қоңыржай белдеуде қандай зоналар таралған? 3) Мұзды шөл зонасы қай климаттық белдеуде жатыр? 4) Қазақстан қандай географиялық белдеуде және зоналарда жатыр? 5) Экология ғылымы нені зерттейді? 6) Біздің елімізде табиғат қорғау мақсатында қандай заңдар қабылданған? «Адамзат» сөзіне ассоциация.			
Ортасы	Мағынаны ажырату. 1 - топ Жер бетіндегі халықтың саны және өсуі. 2 - топ Халықтың тығыздығы. 3 - топ Демографиялық саясат. 5. Тапсырма 1 - топ Халық санына әсер еткен Қолайлы жағдай Қолайсыз жағдай 2 - топ Халықтың тығыздығына есеп шығарындар Тығыздық = (халық саны)/(жер көлем) Дүниежүзі халық - 7 млрд. адам, жер көлемі - 149млн. км Қазақстан халқы - 17млн. адам, жер көлемі – 2, 7млн. км 3 - топ Дүниежүзінің картасынан халықтың тығыз қоныстанған жерлерін көрсетіндер. Жер шарында халық үздіксіз өсе бере ала ма, ол адамзат үшін қауіпті болмай ма?	Слайдта көрсетілген ресурстарды талқылайды Видеороликтан тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы, мәтіндегі тапсырмаларды орындау барысында ой өрісін жетілдіру арқылы бәсекелеседі	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау	Слайдар

	ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ШЕКТЕУЛІК ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҰНТАЛАНДЫРУ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ШАРАЛАРЫ Демографиялық саясат. <i>Демографиялық саясат</i> – экономикалық, әкімшілік, насихаттық іс-шаралар кешені, олардың көмегімен мемлекет өзі қалаған бағытта тұрғындар санының өсуіне, құрылымына, қоныстануына мен сапасына әсер етеді. Ол екі бағытқа бөлінеді: 1) халықтың шынайы қозғалысының, өткен буын өкілдерінің жаңа буын өкілдерімен шынайы алмасуының сипатына, яғни бала туылуына, шетінеуіне, халықтың некелілігіне, жас-жыныстық құрылымына әсері. 2) қоныс аударуға, адамдардың тығыздығына әсері. Демографиялық саясаттың түрлі нұсқалары бар. <i>Халықтың ұдайы өсуіне</i> қатысты кейбір елдер оны алмастырғысы келсе, енді бір елдер – қалыптасқан режимді сақтау қалғысы келеді. Қажетті халық санына қатысты бірқатар елдер өз тұрғындарының санын арттыруға ұмтылады. Басқа елдердің демографиялық саясаты халқының санын азайтуға ұмтылады. Кейбір елдер <i>демографиялық үдерістердің</i> бірін (мысалы, бала туылуын), енді бірі бірнешеуін реттеуге тырысады. Кейбір елдер <i>көші-қон ағынын</i> ынталандырады, ал басқалары көші-қонды шектейді. Жекелеген елдер өздерінің демографиялық саясатында көші-қон мәселесін мүлде қозғамайды. Халық санының <i>ұдайы өсуі бірінші типті</i> елдерде бала туылуын арттыру мен халық санының табиғи өсуіне (ынталандыру) бағытталған демографиялық саясат басым болады. Белсенді демографиялық саясат жүргізіп отырған елдерге Франция немесе Жапония мысал бола алады. Тапсырма №1. Құпия зат.20 балл  жауап арқылы 1. Ғаламшарымыздың басты байлығы	Слайдта берілген сұрақ жауапты орындайды Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді, логикалық ойлай білуі мен сыни көзқарасы таныта білу дағдылары қалыптасады	ҚБ: «Баспалдақ» әдісі 1.Білім төмен 2.Орташа 3.Орташадан жоғары 4. Жоғары	Ашық сұрап-жауаптар
--	---	--	--	----------------------------

	2. Ең жоғарғы тіршілік иелері 3. Жер шарында олардың саны 7 млрд-тан астам 4. Жер шары халқы әр түрлі нәсілдерге бөлінеді 5. Олардың саны жылдам өсуде 6. Ғаламшарды ең басты өзгертуші күш 7. Жер шарында орташа өмір жасының ұзақтығы 70 жас 8. Демография ғылымы тұтастай Жер шарында, жекелеген мемлекеттер мен елдерде, адамдар қауымдастықтарында адамдардың ұрпақ алмасу және өсу заңдылықтарын, тұрғындардың жылжуын, көбеюін, тууы мен өлуін, елді мекендерде орналасуын, отбасын құруын, бала өсіріп тәрбиелеу жағдайларына, жасына, жынысына қарай бөлінуін, және басқада түрлі әлеуметтік топтарда жүріп жататын өзге үдерістерді зерттейді. 9. Дүниежүзі бойынша орташа тығыздық 1 км-ге 47 адам 10. Сонымен қатар жер шары халқының ұлттық, тілдік құрамы сан алуан. Тапсырма №2. Не көрдің, не байқадың. Өз ойыңды айтып түсіндір. (видеоролик көрсетіледі және берілген сұрақтарға жауап беру) 25 балл. 1. Демография дегеніміз не ? 2 балл 2. Жер шарында қанша халық бар? 1 балл 3. Халық санағы қанша жылда жүргізіліп отырады? 1 балл 4. Халық саны көп елдерді атап , картадан көрсетіндер? 2 балл 5. Демографиялық проблема.....? 5 балл 6. Табиғи өсу дегенді қалай түсінесің ? 5 балл 7. Демографиялық саясат дегеніміз не ? 6 балл 8. Демографиялық жарылыс тән елдерді ата? 3 балл Тапсырма №3. Кестемен жұмыс. Сәйкестендіру. 30 балл Кесте арқылы халықтың ұдайы өсуі және кемуіне әсер ететін факторларды түсіндіру. Тапсырма №3. Кестемен жұмыс. Сәйкестендіру. 30 балл Кесте арқылы халықтың ұдайы өсуі және кемуіне әсер ететін факторларды түсіндіру.		ҚБ: Мұғалім тарапынан жүретін бағалау «Ауызша мадақтау	
--	---	--	--	--

Табиғи-биологиялық	Халықтың жастық, жыныстық құрамы, некелесу.	6 балл
Әлеуметтік-экономикалық	Көп балалы болу әдет-ғұрпының сақталуы.	6 балл
Демографиялық	Халықтың көптеп қырылуы.	6 балл
Мәдени-әлеуметтік	Халықтың әл-ауқаты, денсаулығы.	6 балл
Стихиялық апат	Адамнаң тууы мен өлуі.	6 балл

- Табиғи – биологиялық -----Адамның тууы мен өлуі,
- Әлеуметтік – экономикалық -----Халықтың әл-ауқаты, денсаулығы,
- Демографиялық - ---- -Халықтың жастық, жыныстық құрамы, некелесу,
- Мәдени – әлеуметтік -----Көп балалаы болу, әдет – ғұрпының сақталуы,
- Стихиялық апат -----Халықтың көптеп қырылуы.

Тапсырма №4.25 балл

Тірек-сызбамен жұмыс.Тірек-сызба арқылы демографиялық саясатты түсіндіру.



Постер қорғау. Сабақ барысында не түсінгендерін жазады



Бағалау критерийі	Дескрипторлар
Мақсат және арнайы ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	1. Суреттерді негізге ала отырып, оқиға желісі бар тапсырма дайындайды;
	2. Тапсырманы орындау барысында екі мақсат, екі себеп-салдар зерттеуді орынды кірістіреді;
	3. Арнайы тәжірибе мақсаттарын сақтайды.

	Жұмыс жазылып болған соң, сағаттың тілімен дәптерлер ауысып, оқушылар бірін-бірі тексереді. Талдау сұрақтары: 1) Демографиялық саясат не үшін жүргізіледі? 2) Қай материкте тұрақты халық жоқ? 3) Адамдардың қоныстануы қай материктен басталған? 7. 5 жол өлең стратегиясы. Мысалы: 1. Халық 2. Көпұлтты, бірұлтты 3. Өседі, көбейеді, көшеді 4. Халқы көп ел – Қытай. 5. Ел. 8. Бүгінгі сабақта негізгі деп санайтын 10 сөз айтыңдар. Бағалау дескриптор бойынша жүргізіледі.							
Сабақтыңсоңы	Екі түрлі түсініктеме күнделігі. Оқушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар: <table><tr><td>Бөліктің оң жағына</td><td>Сол жағына</td></tr><tr><td>Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады.</td><td>Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)</td></tr></table>	Бөліктің оң жағына	Сол жағына	Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады.	Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы
Бөліктің оң жағына	Сол жағына							
Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады.	Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)							
Үйге тапсырма		Үйге тапсырма: БАҚ-тан тіл туралы мақала оқып,өз пікірін дайындау						
Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?		Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау					

<i>Саралау: Оқушылардың тақырыпты теориялық тұрғыда жеңіл меңгеруі үшін және негізгі ойды толық түсінуін қолдау мақсатында мына тәсілдерді пайдаландым:</i> <i>1.Бейнебаян көру , оқулықпен жұмыстану арқылы «Дереккөздер » арқылы сараладым.</i> <i>2. Веендиограммасы, бинго әдісі арқылы қарқындылын сараладым.</i> <i>3. «1минуттық әңгіме» арқылы әңгіме-диалогқа түседі.</i>	<i>Сабақ өң бойында оқушыларды алға жетелеу мақсатымда, мадақтап, қолдап отырдым. Оларды дескриптор бойынша, смайликтер, «толық ай, жарты ай, жаңа ай», от шашу әдістерін пайданаландым.</i>	
<i>Сабақ бойынша рефлексия</i> <i>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?</i> <i>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?</i> <i>Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?</i> <i>Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</i>		
Жалпы бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?		